

Қазақстан Республикасы халқына медициналық көмек көрсетудің сапасын талдау және баға беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрайымының 2000 жылғы 14 шілдедегі N 439 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 14 шілде N 1195 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2005 жылғы 18 мамырдағы N 243 бұйрығымен

ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2005 жылғы 18 мамырдағы N 243 бұйрығынан үзінді:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77 "Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" өкімін іске асыру және нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкестікке келтіру мақсатында бұйырамын:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрайымының 2000 жылғы 14 шілдедегі N 439 "Қазақстан Республикасы халқына медициналық көмек көрсетудің сапасын талдау және баға беру туралы" ...

М и н и с т р д і ң м . а .

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын қорғау" Заңына , "Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" туралы мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, оқу және спорт министрлігінің "Денсаулық" атты Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын құру туралы" Қаулысына сәйкес, медициналық көмектің сапасын, емдеу-профилактикалық мекемелер жұмысының деңгейімен тиімділігін жоғарлату, сондай-ақ пациенттердің көрсетілген медициналық қызметтерге толық қанағаттануына жету мақсатында, Бұйырамын:

1. Беріліп отырған құжаттар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын басқару туралы Тұжырымдама;

2) Қазақстан Республикасында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген

көлемінің сапасын талдайтын және баға беретін Ереже;

3) Қазақстан Республикасында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын талдау және баға беруді жүргізу тәртібі туралы Ереже;

4) Тәуелсіз медициналық сараптама жүргізу туралы Ереже;

5) Дәрігер-сарапшының жұмысын ұйымдастыру туралы Ереже.

2. Емдеу-профилактикалық мекемелерінің жұмысын үйлестіру Басқармасы (Мусинов С.Р) және РМК "Денсаулық" (Маджуга В.П.), республикалық медициналық мекемелерінің басшылары, облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) басшылары, РМК "Денсаулық" облыстық (қалалық) бөлімшелерінің басшылары жоғарыда аталған құжаттар талабының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Мемлекеттік тапсырыс бойынша медициналық қызмет көрсетуге жергілікті денсаулық сақтау органдармен шарт жасаған Республиканың емдеу-профилактикалық мекемелерінде, меншік нысанына қарамастан, РМК "Денсаулық және оның бөлімшелері медицина көмегі сапасының сарапталуын қамтамасыз етсін.

4. Емдеу-профилактикалық мекемелерінің жұмысын үйлестіру басқармасына және РМК "Денсаулық":

1) денсаулық сақтау мекемелері мен органдарына, РМК "Денсаулық" бөлімшелеріне медициналық көмектің сапасын талдауды және баға беруде ұйымдастыру-әдістемелік көмек беруге қамтамасыз етілсін;

2) медициналық көмектің сапасын талдауды және баға беруді жүзеге асыратын, облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) басшыларының орынбасарлары және бас мамандарымен, емдеу-профилактикалық мекемелерінің жұмысын үйлестіру Басқармасының бас мамандарымен, РМК "Денсаулық" және оның бөлімшелерінің бас мамандарымен әдеттегі тәртіпке сәйкес даярлық жүргізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуының бақылауы Төрайымның бірінші орынбасарына және РМК "Денсаулық" Бас директорына жүктелсін.

Төрайым

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
Агенттігінің 2000 жылғы 14 шілдедегі
N 439 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасындағы кепілдендірілген тегін
медициналық көмек көлемінің сапасын басқару
Тұжырымдамасы**

Еліміздегі соңғы бірнеше жылдағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әсерінен, денсаулық сақтаудағы қалыптасқан жағымсыз тенденцияларын демографиялық жағдай, тұрғындардың денсаулық сақтау көрсеткіштері мен республикадағы денсаулық жүйесінің жағдайы дәлелдейді.

Денсаулық сақтауда осы уақытқа дейін жүргізілген реформалар денсаулық сақтау жүйесінің жоғары шығымды механизмінде, әсіресе, медициналық көмектің сапасына аз әсер етті.

Қазақстандағы 1996 жылы енгізілген ақылы қызметтер мен міндетті медициналық сақтандыру (ММС) қосылған мемлекеттік медицинасының нұсқасы саланы нарық талаптарына сәйкес келтіретін жаңа нормативтік-құқықтық базасын жасауға мүмкіндік берді.

ММС енгізумен денсаулық сақтауды қаржыландыруды реформалау жүргізілді - емдеу-профилактикалық ұйымдарымен (ЕПҰ), көрсетілген медициналық қызметтердің көлеміне қарай және ведомстводан тыс ЕПҰ-на медициналық көмек көлемін ұлғайтқаны және емдеу сапасының төмендігі үшін айып санкцияларын салу арқылы медициналық көмектің сапасын бақылауды ұйымдастырды.

1999 жылы Міндетті медициналық сақтандыру қорын (ММСҚ) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің номенклатурасына енгізілген Медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөніндегі орталығына (МҚАО) қайта ұйымдастырылу сәтінен бастап, ведомстводан тыс медициналық көмектің сапасын бақылау жүйесі ведомстволыққа қайта ұйымдастырылып, айып санкциялар тек қана медициналық қызметтердің көлемін ұлғайтқаны үшін салынатын болды.

2000 жылдан бастап МҚАО "Денсаулық" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (РМҚК) қайта құрылуына байланысты, азаматтардың сапалы кепілдендірілген тегін медициналық көмек алу құқығын қамтамасыз ету үшін, оған құзыреттік шеңберінде медициналық көмектің сапасын талдау және баға беру функциясы берілді. Сонымен қатар, медициналық көмектің сапасын басқаруға көзқарас түбегейлі өзгерді.

Негізгі мақсат, жергілікті денсаулық сақтау органдары мен мемлекеттік тапсырыс шеңберінде, кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсетуге келісім-шарт жүргізген меншігіне байланыссыз емдеу-профилактикалық ұйымдардың және Қазақстан Республикасының жеке медициналық тәжірибемен айналысатын азаматтардың (бұдан әрі - ЖАБДЫҚТАУШЫ) емдеу-диагностикалық процесстерін ұйымдастырудағы проблемаларын анықтап, оларға талдау және баға беру арқылы ұйымдастыруды жақсарту және медициналық көмектің сапасын жоғарылату жөніндегі басқару шешімдерін қабылдау үшін, жергілікті денсаулық сақтау органдарына ұсыныс беру болды.

Сараптау - қорытынды беру үшін сарапшылармен мәселелерді қарау (медициналық сараптама).

Талдау - кейбір заттардың құрамын, қасиетін әржақты зерттеу арқылы қарайтын әдіс .

Баға беру - әркімнің, әр заттың бағасы жөнінде ойы, тұжырымы және оның жағдайының деңгейін анықтау .

Талдау арқылы баға беріледі, ал талдау сараптаудан соң беріледі, яғни бұл құжаттарды тексеру, мәлімет жинау және тағы басқалар.

Сараптаудың қорытындысымен баға беріледі, ал қорытынды актіде талдау беріледі .

ДДҰ анықтамасы бойынша "медициналық көмектің сапасы - көрсетілген медициналық көмектің шын жағдайда жұмыс істейтін денсаулық сақтау жүйесінің және нақты емдеу мекемесінің осы заманғы медициналық ғылым деңгейі мен технологиясына сәйкестік өлшемі".

ДДҰ-мы медициналық көмектің сапасын қалыптастыру жөніндегі қызметтің міндеттері мен мазмұнын анықтауда 4 компонентті белгілеген:

- 1) проффессиялық функцияларды атқару (технологиялық сапа);
- 2) ресурстарды қолдану (техникалық сапа);
- 3) қауіп дәрежесін бақылау (жарақат қауіптігі немесе медициналық араласу нәтижесінде пайда болған басқа ауру);
- 4) науқастың медициналық қызметке қанағаттылығы.

Қазақстан Республикасындағы кепілдендірілген тегін медициналық көмектің көлемінің сапасын басқару тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдардағы іс-қимылдары бағдарламасына сәйкес құрастырылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 10.09. N 1364 "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің "Денсаулық" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қаулысына сәйкес РМҚК-ың негізгі міндеттерінің бірі ретінде ұсынылған медициналық қызметтердің сапасын талдау және бағалау болып табылады.

1. Тұжырымдаманың мақсаты мен жүзеге асыру жолдары

1. Кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінің сапасын басқару Тұжырымдамасының негізгі мақсаты оның сапасы мен мәдениетін, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде медициналық көмек көрсететін түрлі меншіктегі емдеу-профилактикалық ұйымдардың қызметінің тиімділік деңгейін арттыру, медициналық көмектің сапасын талдау және бағалаудың біртұтас жүйесін құру

арқылы науқастардың көрсетілген медициналық қызметке қанағаттандырылуы болып табылады.

2. Тұжырымдаманы жүзеге асыру:

1) мемлекеттік тапсырысты орындауды барынша қамтамасыз ету мақсатымен медициналық көмек көрсету жүйесін талдау және бағалау;

2) медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау үшін денсаулық сақтау саласындағы статистикалық материалдарды жинау;

3) медициналық көмектің сапасын бағалау жөніндегі нормативтік тәсілдік құжаттарды жасау;

4) медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау сұрақтары жөніндегі кадрларды дайындау;

5) медициналық көмектің сапасын, әсіресе алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде (бұдан әрі - АМСК), сонымен бірге денсаулық сақтаудағы басымды бағыттарды бағалау;

6) медициналық көмектің сапасын денсаулық сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы уәкілетті органы бекіткен медициналық стандарттар мен қызметтегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестендіру;

7) медициналық көмектің сапасын сақтағаны және жақсартқаны үшін марапаттау жүйесін дамыту;

8) медициналық көмектің сапасын жақсартудағы басқа да қызметтегі заңдылыққа қайшы келмейтін шаралар.

2. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалаудың негізгі бағыттары

3. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау келесі бағыттарда жүргізілуі тиіс:

1) Медициналық көмектің медициналық стандарттарға сәйкестігін анықтау;

2) Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалауды медициналық және дәрігерлік іске берілген мемлекеттік лицензиямен белгіленген медициналық көмектің түрлері бойынша ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның өкілетті тұлғасының қатысуымен жүргізу;

3) аурулардың медициналық көмек пен қызмет сапасына қанағаттығын зерттеу;

4) көрсетілген медициналық көмектің нәтижесін компьютерлік-ақпараттық технологиялар негізінде талдау және баға беру;

5) медициналық көмектің сапасы жөніндегі проблемаларды анықтап, ұйымдастыруды жетілдіру және медициналық көмектің сапасын жоғарылату жөніндегі басқару шешімдерін қабылдау үшін, жергілікті денсаулық сақтау органдарына ұсыныс беру.

4. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау белгілі талаптарға сәйкес болып:

1) мамандандырылған, яғни бір мамандықтағы маман сол мамандықтағы маманды сараптауы қажет;

2) бағыттандырылған, яғни сарапшы-дәрігерлер медициналық көмектің сапасын талдау және бағалауды нақтылы бағытта жүргізеді;

3) жүйеленген, яғни ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның қызметін талдау мен баға беру статистикалық нұсқаларын, кадрлық қуатын және ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның медициналық қондырғылар мен техникалармен жабдықталғанына қарай, сонымен қатар қорытынды шығарумен, тұрғындардың денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы бекіткен кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінің сапасын талдау және баға беру Ережесіне сәйкес ортақ тәсілдік принциптері бойынша жүргізілуі қажет.

5. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау жоспарланған және жоспардан тыс тәртіп бойынша, белгіленген мақсаттарда, жеке оқиғалар комплексті баға беру және тәуелсіз сараптау түрінде жүргізіледі.

Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалаудың негізі ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның медициналық стандарттарды орындауы болуы тиіс.

6. Медициналық стандарттар дегеніміз - диагностикалық, емдеулік, профилактикалық шаралардың және оларды орындау технологиясының, сонымен қатар медициналық көмекті көрсетудің барлық сатыларындағы нақтылы ауруларды емдеудің нәтижелерінің қажетті көлемінің жасалған, ықшамдалынған эталоны.

7. Медициналық стандарттар дүние жүзілік тәжірибеге негізделген, осы күнгі қызметтегі денсаулық сақтау саласына жаратылған және осы заманғы талаптарға жауап беретіндей болуы қажет:

1) медициналық көмекті көрсетудің барлық сатыларындағы диагностиканың, емдеудің және реабилитацияның технологияларының осы заманғы шығыны аз принциптерін қосу;

2) мамандардың шұғыл көмек көрсету кезіндегі жедел нұсқауы болуы қажет;

8. Талаптарды орындау үшін медициналық стандарттарды жасау келесі бағыттарды болуы қажет:

1) медициналық көмекті көрсетудің барлық сатыларында: фельдшерлік-акушерлік пункттер (ФАП), отбасылық дәрігерлік амбулаториялар (ОДА), селолық ауруханалар (СА), орталық аудандық ауруханалар (ОАА), қалалық және облыстық ауруханалар, консультациялық-диагностикалық орталықтар және т.б.

2) едәуір экономикалық шығын алып келетін және тұрғындардың денсаулық

жағдайын төмендететін жиірек кездесетін ауруларды диагностикалау, емдеу және алдын алу ;

- 3) ауруларды стационарға жатқызу, шығару тәртібі;
- 4) АМСК жағдайында емдеуге жататын науқастардың тізбесі;
- 5) жедел жағдайларда медициналық көмекті оның барлық сатыларында көрсетілуінің стандарттары ;
- 6) жұмыс орнының стандарттары (процедуралық, жара тану кабинеттері, операциялық бөлмелер, посттар және т.б.).

3. Болжамалы нәтижелер

9. Тұжырымдаманы орындаудың болжамалы нәтижелері:

- 1) медициналық көмектің сапасының жоғарылауы және қолда бар қорларды тиімді қолдану ;
- 2) ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның қызметінің деңгейі мен тиімділігінің артуы;
- 3) профилактикалық бағыт алғандық, ең қажетті медициналық көмектің барлық сатыларындағы сабақтастық негізінде көрсетілген медициналық көмектің ауруларды қанағаттандыруына жету ;
- 4) медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау жүйесін жетілдіру ;
- 5) денсаулық сақтаудағы реформаларды жеделдету ;
- 6) бюджеттік қаржыны пайдаланудың экономикалық тиімділігін арттыру ;
- 7) қызметтегі заңдылықтарға сәйкес азаматтардың денсаулық сақтау құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Қорытынды

Тұжырымдамамен, науқастардың жасына, функционалдық жағдайына, негізгі және қосалқы ауруларына, таңдалған емдеуге реакциясына және де басқа факторларға қарай, олардың денсаулығына жағымды нәтижелер беретін диагностикалық және емдеу шараларының осындай комплекстік құқықтарын қорғау механизмдері көзделген.

Медициналық көмектің сапасын жақсартудағы халықаралық тәжірибе екі жақты бірдей қанағаттандыра алатын дайын схемасының жоқ екендігін және әлемдегі барлық елдердің денсаулық сақтауға қолданылымды өзіндік медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау тәсілдері барын, олардың технологияларын үнемі жетілдіру жүргізіліп жатқандығын көрсетеді.

Бұл Тұжырымдама іс-қимылдың ақырғы құжаты болып табылмайды, ол заңдылық актілердің және басқа ресми құжаттардың өзгеруіне байланысты толықтырылады, сонымен қатар, ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның қызметін талдау және баға беру процессінде жетілдендіріледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі

Агенттігінің 2000 жылғы 14 шілде
N 439 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын талдау және баға беру Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдардағы іс-қимылдары бағдарламасына сәйкес құрастырылған, Қазақстан Республикасының территориясында мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жергілікті денсаулық сақтау органдарымен келісім шарт жасаған емдеу-профилактикалық ұйымдар мен Қазақстан Республикасының жеке медициналық тәжірибемен айналысатын азаматтары (бұдан әрі - ЖАБДЫҚТАУШЫ) көрсететін медициналық көмектің сапасын талдау және баға беру бәріне ортақ ұйымдастырушылық және тәсілдік принциптерін қалыптастырады.

2. Тегін медициналық көмектің сапасын талдау және баға беру жүйесі азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін алу құқығын қорғау мақсатымен Қазақстан Республикасының қызметтегі заңдылықтарына сәйкес құрылады.

3. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын талдау және баға беру ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның ресурстық, кадрлық мүмкіндіктерін, қолданылатын профилактикалық, диагностикалық және емдеу технологияларын, сонымен қатар ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның сапалық көрсеткіштерін зерттеу арқылы жүргізіледі.

4. Талдау және баға берудің объектісі болып, мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі және жергілікті денсаулық сақтау органдарымен келісім негізіндегі белгіленген технология бойынша, нақты нәтижеге жету мақсатымен жүргізілетін профилактикалық, емдеу-диагностикалық және реабилитациялық шаралар ретінде қабылданатын ЖАБДЫҚТАУШЫ көрсететін тегін медициналық көмектің көлемі болып табылады.

2. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын талдау және баға берудің мақсаттары

5. Медициналық көмектің сапасын талдау және баға берудің негізгі мақсаты азаматтардың дұрыс деңгейдегі тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін алудағы құқығын қамтамасыз ету мақсатында, өкілеттілік шеңберінде медициналық сараптау жүргізу болып табылады.

6. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін:

1) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде медициналық көмек көрсету жүйесін талдау және баға беру;

2) медициналық көмек сапасын талдау және баға беру үшін денсаулық сақтау саласындағы статистикалық мәліметтер жинау;

3) медициналық көмектің сапасына баға берудің нормативтік-тәсілдік құжаттарын жасау;

4) медициналық көмектің сапасын талдау және баға беру жөніндегі мамандарды дайындау;

5) азаматтардың денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы бекіткен қызметтегі нормативтік актілер және медициналық стандарттармен көрсетілетін медициналық көмектің сапасын сәйкестендіру;

6) медициналық қызметтердің сапасын сақтап, жоғарылатқаны үшін жеңілдіктер беру жүйесін дамыту;

7) медициналық көмектің сапасын жақсарту жөніндегі қызметтегі заңдылықтарға қарсы келмейтін басқа да шаралар.

3. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын талдау және баға берудің негізгі бағыттары

7. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын талдау және баға берудің негізгі бағыттары болып:

1) көрсетілген медициналық көмектің медициналық стандарттарға сәйкестігін анықтау;

2) медициналық көмектің сапасын, лицензияда белгіленген медициналық көмек түрлері бойынша, ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның өкілінің қатысуымен жүргізу;

3) азаматтардың сапалы медициналық көмек алу құқықтарын орындалуын қамтамасыз ету;

4) аурулардың медициналық көмек пен қызмет деңгейіне қанағаттанғандығын зерттеу;

5) көрсетілген медициналық көмектің нәтижелерін компьютерлік-ақпараттық технологиялар негізінде талдау және баға беру;

6) медициналық көмектің сапасына байланысты проблемаларды анықтап, ұйымдастыруды жетілдіру және медициналық көмектің сапасын арттыру жөніндегі басқарушылық шешімдер қабылдау үшін, жергілікті медициналық ұйымдарға ұсыныстар беру.

4. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін талдау мен баға беру талаптары

8. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау белгілі талаптарға сәйкес болып:

1) мамандандырылған, яғни бір мамандықтағы маман сол мамандықтағы маманды сараптауы қажет;

2) бағыттандырылған, яғни сарапшы-дәрігерлер медициналық көмектің сапасын талдау және бағалауды нақты бағытта жүргізеді;

3) жүйеленген, яғни ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның қызметін талдау мен баға беру статистикалық нұсқаларын, кадрлық қуатын, материалды-техникалық базасын және медициналық қондырғылар мен техникалармен жабдықталғанын талдау негізінде өткізіледі.

Медициналық көмекті талдау мен баға беру ортақ тәсілдік принциптері бойынша қорытынды шығарумен жүргізіледі.

5. Сарапшы-дәрігерлердің құзыры

9. Дәрігер-сарапшылардың құзырына кіреді:

1) Жабдықтаушы көрсететін кепілдендірілген тегін медициналық көмек жүйесіне сәйкес, медициналық көмектің сапасын сараптау, бағалау және талдау жұмысын жүргізу мен ұйымдастыру;

2) алынып тасталды;

3) жергілікті денсаулық сақтау органдары мен лицензиялық комиссияларына ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның қызметін сараптау барысында белгілі болған кемшіліктерді хабарлау;

4) медициналық қызметкерлерге квалификация категория беру аттестациясына қатысу;

5) лицензиялық комиссияға әдеттегі тәртіпке сәйкес лицензияның күшін жою, немесе тоқтату мәселесімен ұсыныс беру;

6) жергілікті денсаулық сақтау органдарына әдеттегі тәртіпке сәйкес ЖАБДЫҚТАУШЫ-дан медициналық көмек көрсету барысында бірнеше рет және қатаң табылған кемшіліктерді атап көрсетіп, келісім шартты тоқтатуына ұсыныс беру.

Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 367 бұйрығымен.

6. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін талдау мен баға беруді ұйымдастыру

10. Медициналық көмектің сапасын талдау мен бағалау тұрғындардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы бекіткен нормативті-құқықтық актілер мен осы Тұжырымдамаға сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

11. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын сарапшы-дәрігерлермен талдау мен бағалау әдеттегі тәртіпке сай бірыңғай технологиялық және методологиялық принциптерге сай жүргізіледі.

12. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау жоспарланған және жоспардан тыс тәртіп бойынша, белгіленген мақсаттарда, комплексті баға беру және тәуелсіз сараптау түрінде жүргізіледі.

13. Медициналық көмек сапасының жоспарлы түрде талдау мен бағалау тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін ұсынған тапсырыс шеңберінде жүргізіліп, жылына бір реттен кем болмай өткізіледі. Оның негізі ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі қызметінің сапалық көрсеткіштері болып табылады, себебі олар аумақтық денсаулық сақтау органы мен ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның арасындағы келісімнің ажырамайтын бөлігі. Жоспарлы талдау мен баға беру ЖАБДЫҚТАУШЫ-ға хабарланған, РМҚК жасап және аумақтық денсаулық сақтау органдары бекіткен есеп кестелеріне сәйкес өткізіледі.

14. Медициналық көмектің сапасын белгіленген мақсат түрінде сараптау, тек белгілі мақсаттарда квартал сайын, не жарты жыл сайын және т.б. өткізіледі. РМҚК-ның облыстық филиалдары бекіткен жоспар-есеп кестесі бойынша ДДҰ мен ЮНИСЕФ бағдарламаларының, тұрғындардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органының бұйрықтарының, жеке (операциядан кейінгі асқыну, ОДА-да жедел медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсету, емдеу және тексерілу стандарттарының орындалуы) проблемаларының және ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның қызметінің қорытындысы бойынша қызметінің орындалуын анықтау үшін жүргізіледі.

ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның қызметі тұрғындардың денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы бекіткен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің сапасын талдау және баға беру Ережесінің медициналық көмектің сапасы, емделу мен бақылау сапасының деңгейі Параметрлерінің 1,2,3,4,5 қосымшаларына сәйкес бағаланады.

15. Жоспардан тыс тәртіп түрімен талдау мен баға беру медициналық көмекті көрсетудегі кемшіліктерге байланысты пайда болған аурулардың сәтсіз аяқталулары, науқастардың шағымы мен хабарлаулары және жедел жоспардан тыс тексеруді талап еткен басқа жағдайлар (аурухананың ішінен шыққан инфекция, көп адамдардың сапасыз тағамдармен және басқа нәрселермен улануы , ерекше қауіпті аурулардың пайда болуы) бойынша ұйымдастырылып өткізіледі.

16. Комплексті талдау мен баға беру ЖАБДЫҚТАУШЫ қызметінде медициналық көмектің сапасы жөнінен кемшіліктерді тауып, жергілікті денсаулық сақтау органдарына медициналық көмектің сапасын жоғарылату мен ұйымдастыруды жақсарту жөнінен басқару шешімдерін қабылдау үшін

материалдар дайындау және ұсыныс беру мақсатында сарапшы-дәрігерлер жылына бір рет жүргізіледі.

17. РМҚК-ның филиалдарының бекітілген план-графигімен жеке оқиғаларды сараптауды сарапшы-дәрігерлер үздіксіз жыл бойы жүргізеді. Оның мақсаты болып, нақтылы науқасқа (жеке оқиға) көрсетілген медициналық көмектің, бір жасқа толмаған балалардың бақылау, жүкті әйелдерді бақылау сапасын, өлген науқасқа немесе науқастарға сапасыз медициналық көмек көрсетілгеніне түскен арыздарды бағалау болып табылады.

Медициналық көмектің сапасын сараптау кезінде, медициналық тиімділік, таңдап алған медициналық технология зерттенудің барысына және оның ауырлығына сәйкестігі бағаланады.

Медициналық тиімділік дегеніміз - қойылған мақсаттың ақырына дейін жету дәрежесі - яғни медициналық көмек сапасының жақсаруы болып табылады.

18. Тәуелсіз сараптау екі жақтың (ЖАБДЫҚТАУШЫ, науқас, жоғарғы органдар және тағы басқалар) сараптау қорытындысымен келіспеген жағдайларда, тұрғындардың денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы бекіткен тәуелсіз медициналық сараптау Ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
Агенттігінің 2000 жылғы 14 шілде
N 439 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасында кепілдендірілген тегін
медициналық көмек көлемінің сапасын талдау мен баға беру
тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалау "Денсаулық" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (РМҚК) сарапшы-дәрігерлерімен Қазақстан Республикасында кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінің сапасын талдау мен баға беру тәртібі туралы Ережесіне сәйкес жүргізіледі.

2. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалауды жүргізу барысында зерттеліп отырған проблема жөніндегі алғашқы медициналық құжаттар, тексеріліп отырған кезеңдегі статистикалық мәліметтер (ай, тоқсан, жарты жылдық, жыл) қолданылады. Тексеріліп отырған көрсеткіштерді орындау осы емдеу-профилактикалық ұйымының өткен жылғы осындай кезеңдегі көрсеткіштерімен, сонымен қатар орташа республикалық және орташа облыстық көрсеткіштермен салыстыру арқылы жүргізіледі.

3. Нақтылы ауруға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын талдау және баға беру оның тұрғындардың денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы бекіткен, ықшамдалған профилактикалық, диагностикалық және емдік шаралар, сонымен қатар аурулардың нақтылы нозологиялық формалары кезіндегі емдеу нәтижесі мен мерзім талаптары құрамына енгізілген медициналық стандарттарға сәйкестендіруді көздейді.

4. Медициналық көмектің сапасын талдау және бағалауды мамандықтарына сәйкес РМҚК сарапшы-дәрігерлерімен жүргізіледі.

5. Мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсетуге жергілікті денсаулық сақтау органдарымен келісім-шарттағы емдеу-профилактикалық ұйымдар мен Қазақстан Республикасының жеке медициналық тәжірибемен айналысатын азаматтары (ЖАБДЫҚТАУШЫ) РМҚК-ның сарапшы-дәрігерлеріне сараптау өткізуіне қажетті медициналық құжаттарды тапсыруға міндетті.

6. ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның келесі көрсеткіштері толық көлемде, яғни 100 пайыздық түрде ай сайын сараптауға жатады:

- 1) ана өлімі;
- 2) нәресте өлімі;
- 3) операциядан кейінгі өлім;
- 4) балалардың, жасөспірімдердің және жұмысқа қабілетті жастағы тұлғалардың қатты асқынған формадағы туберкулезі;
- 5) балалардың, жасөспірімдердің және жұмысқа қабілетті жастағы тұлғалардың қатты асқынған формадағы онкоаурулары;
- 6) жұмысқа қабілетті жастағы тұлғалардың алғашқы мүгедектікке шығуы;
- 7) балалардың, жасөспірімдердің және жұмысқа қабілетті жастағы тұлғалардың жүрек-тамыр аурулардан қайтыс болуы;
- 8) қантты диабеттен қайтыс болуы;
- 9) аурухана ішіндегі инфекция;
- 10) аурулардың сапасыз медициналық көмекке, медициналық этика мен деонтологияны сақтамағандыққа жазған шағымы.

7. ЖАБДЫҚТАУШЫ-лардың медициналық көмегінің сапасын сараптау қорытындысын жазумен және сараптау профилі бойынша медициналық көмектің сапасының деңгейін анықтаумен (бұдан әрі МКСД - 6 қосымша) аяқталады. Ол үшін емдеу сапасының деңгейі (бұдан әрі ЕСД - 3 қосымша), 1 жасқа дейінгі балаларды қараудың сапасының деңгейі (бұдан әрі БҚСД - 4 қосымша), жүкті әйелдерді қарау сапасының деңгейі (бұдан әрі ЖҚСД- 5 қосымша) және 1, 2 қосымшаларға сәйкес медициналық көмектің сапасын талдау мен бағалаудың Параметрлері бойынша жетіспеушіліктердің сараптау пайызы анықталады.

МКСД 30-дан кем емес науқас тарихы немесе амбулаториялық карталарды сараптаумен және таңдау арқылы 1, 2 қосымшаларға сәйкес медициналық көмектің сапасын талдау мен бағалаудың Параметрлері бойынша анықталады.

8. Тексеріліп отырған ұйымның шұғыл (ургентті) жағдайлардағы жедел медициналық көмек көрсетудің сапасы мен дер кезілігіне баға беру үшін 30-дан кем емес науқас тарихы сарапталуы қажет.

9. ЖАБДЫҚТАУШЫ-лардың қызметіне сараптаушылық бағасын беру кезінде жұмыстың түрлі бағыттарындағы проблемаларды анықтау және жергілікті денсаулық сақтау органдарына ұйымдастыруды жетілдіру және медициналық көмектің сапасын арттыру үшін, 50-ден кем емес амбулаториялық карталар мен науқас тарихтары сарапталуы қажет.

10. Аурулардың медициналық көмектің сапасына қанағаттылығы 7, 8 қосымшаларға сәйкес анкеталар беру жолымен тексеріледі. Аурулардың медициналық көмектің сапасына қанағаттылығын анықтау барысында сарапшы-дәрігерде тексеріліп отырған ұйым жөніндегі бір кезеңдік сараптау бойынша толтырылған 20-дан кем емес анкета болуы тиіс.

11. Алғашқы медициналық-санитарлы көмек (АМСК) деңгейінде салауатты өмірді қалыптастыру жөніндегі жұмыстың сапасын талдау мен баға беру тұрғындардың инфекциялық аурулардың, зиянды әдеттердің (шылым шегу, маскүнемдік, есірткелік және т.б.) алдын алу, дене шынықтыру, ықшамды тамақтану және т.б. жөніндегі білімін анкета арқылы анықтау жолымен жүргізіледі.

12. Әр сарапшы-дәрігердің әр сараптауының мақсатын РМК облыстық, қалалық филиалының медициналық көмектің сапасын талдау және баға беру бөлімнің басшысы план-графикке сәйкес белгілейді (бұдан әрі басшы).

13. Медициналық көмектің сапасын талдап және баға беретін әрбір сарапшы-дәрігерге күнделікті жұмыс мөлшерін науқас тарихын сарапталуда мына көлемнен кем емес етіп анықталсын:

- ауруханада емделген науқастардың 7 науқас тарихы;
- немесе өлген науқастардың 4 науқас тарихы;
- немесе емханада емделген науқастардың 25 емханалық картасы.

14. Есеп беру кезеңі бітісімен (ай, тоқсан және т.б.) белгіленген мерзімде әр сарапшы-дәрігер атқарылған жұмысының жиналған мәліметтерін басшыға тапсыруы тиіс.

15. Басшылар, бекітілген жиналған мәліметтердің формасы бойынша (11 қосымша) ай сайын облыс бойынша (қала) РМҚК және жергілікті денсаулық сақтау органдарына тапсырады. Оларға жазылған талдау қағазы әр тоқсан сайын

жасалады. Сонымен қатар, тоқсан сайын барлық мәліметтер жинағы бар таблицалар мен сараптау профилдері бойынша (терапиялық, педиатрлық) медициналық көмектің сапасының талдау қағаздарымен бірге тапсырылады.

16. Бағытталған жұмыс және қажетті ақпараттарды РМҚК-ға және жергілікті денсаулық сақтау органдарына ұсыну үшін басшыларға ай сайын әр маманның істелген сараптамасы (терапевт, педиатр, хирург және т.б.) еркін және ыңғайлы формада тексерілген ЖАБДЫҚТАУШЫ жайында келесі мәліметтер қосылған: тексерілген күні, МКСД, ЕСД, ББСД, және ЖҚСД, кесте жасауы (карта, анықтама және б.) қажет.

17. РМҚК-ның медициналық көмектің сапасын талдау және баға беру басқармасы жалпы есеп және оған қосымша республика бойынша талдау қағаздарын тоқсан сайын жасайды және денсаулық сақтау саласына басқару жүргізетін Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органына тапсырады.

18. Әр тексерілген жайтқа 2 данада медициналық көмектің сапасының сараптау актісі толтырылады (9 қосымша), онда сарапшы-дәрігердің, емдеуші дәрігердің, ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның емдеу-диагностикалық процессін ұйымдастыруға жауапты басшысының қолы қойылады. Актінің бір данасы ЖАБДЫҚТАУШЫ-да қалады.

19. Сараптау аяқталысымен, сарапшы-дәрігер медициналық көмектің сапасын талдау мен баға беру Параметрлерінің барлық кодтары бойынша табылған жетіспеушіліктердің терең талдауы көрсетілген ақырғы құжат-медициналық көмектің сапасының деңгейін (10 қосымша) толтырады. Актіні толтыру сарапшы-дәрігердің 6 қосымшаға сәйкес МКСД көрсетумен (жоғары деңгей, жеткілікті жоғары, орташа, орташадан төмен және төмен деңгей) жасаған қорытындысымен аяқталуы тиіс. Қорытындыда табылған жетіспеушіліктер мен қателіктерді жоюдың нақты жолдары ұсынылады. Актіге РМҚК филиалының директоры, сарапшы-дәрігер және ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның басшысы қол қояды. Акт 2 данада жазылып, біреуі ЖАБДЫҚТАУШЫ-да қалады. Актілер, есептегі жылдан кейінгі 3 жыл бойы сақталады. ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның келіспеушілігі қол қоюдан бас тартудың себебі бола алмайды, бұндай жағдайда "Жоқ" деген сөздің асты сызылады.

20. Медициналық көмектің сапасын талдау мен баға беру барысында күрделі жетіспеушіліктер мен қателіктер табылмаған жағдайда ЖАБДЫҚТАУШЫ-ға РМҚК жағынан келісім шарттың мезгілі біткенше сараптаудан босату түріндегі жеңілдік болу мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар, осы ЖАБДЫҚТАУШЫ-ға моральдық марапаттама (құрмет қағазы, бұқаралық ақпарат жүйелерінде және

тағы басқа) беру туралы жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарына ұсыныс беру мүмкіндігі болады. Аурулардан негізі бар шағым түскен жағдайда ол ЖАБДЫҚТАУШЫ-ға сараптау жүргізу қайта басталады.

21. Сараптау қорытындысы туралы келіспеушілік туған жағдайда, екі жақ (ЖАБДЫҚТАУШЫ, науқас, денсаулық сақтау саласының басқару органдары және тағы басқалар) он күн ішінде тәуелсіз медициналық сараптау (облыстық, республикалық) жүргізу комиссиясына арыздануға мүмкіндіктері бар. Бұл жағдайда РМҚК-ның құқысын қорғау РМҚК филиалының директорына жүктеледі.

22. Тәуелсіз сараптау комиссиясының жұмыс тәртібі денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы бекіткен "Тәуелсіз медициналық сараптау туралы Ережесімен" қалыптастырылады.

23. Екі жақтың белгіленген тәртіп бойынша, сотқа беру құқығы бар.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у і с і ж ө н і н д е г і
А г е н т т і г і н і ң 2 0 0 0 ж ы л ғ ы 1 4 ш і л д е д е г і
№ 439 бұйрығымен бекітілген

Сарапшы-дәрігердің жұмысын ұйымдастыру туралы Ереже

1. Жалпы шарттары

1. Дәрігер-сарапшы қызметіне медициналық білімі жоғары, денсаулық сақтауды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс қабілеті бірінші, немесе жоғары категориялық квалификациясы теориялық біліміне сәйкес, медициналық көмектің сапасын сараптау, талдау және баға беру жөнінде арнаулы дайындықтан және отырған қызметіне сәйкес аттестациядан өткен адам алынады.

Дәрігер-сарапшы жұмыс барысында Қазақстан Республикасы қолданылатын заңдылық актілерін, медициналық көмектің сапасын сараптау, талдау және баға берудің ұйымдастыратын нормативті-құқықтық құжаттарын, тұрғындардың денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы бекіткен, Қазақстан Республикасындағы кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінің сапасын талдау мен баға беру Ережесін және осы Ережені қолданады.

Дәрігер-сарапшының әрекеттері профессионалды этика мен медициналық деонтологияға қарсы болмауы керек.

Дәрігер-сарапшының қызметке алынуы мен шығарылуы бекітілген әдеттегі тәртіп бойынша, қазіргі уақытта қолданатын заңдылықтарға сәйкес жүргізіледі.

2. Дәрігер-сарапшының мақсаты

2. Дәрігер-сарапшының негізгі мақсаты өзінің қызмет көлеміне сәйкес, халықтың кепілдендірілген тегін медициналық көмекті жоғары деңгейде алу құқығын медициналық көмектің сапасын сараптау, талдау және баға беру арқылы жеткізу болып табылады.

3. Дәрігер-сарапшының жұмысын ұйымдастыру

3. Дәрігер-сарапшы медициналық көмекті талдау және баға беру Ережесінің ортақ тәсілдік принциптері мен технологиясына сәйкес медициналық көмектің сапасын сараптау, талдау және баға беруді жүргізіп, белгілі қорытынды шығарады және тек өзінің берілген мүмкіншілігіне негізгі медициналық мамандығына сәйкес сараптайды.

4. Дәрігер-сарапшының құзырлары

4. Дәрігер-сарапшының құзырына мыналар жатады:

1) кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсету жүйесіне сәйкес медициналық көмектің сапасын сараптау, талдау және баға беру жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу;

2) алынып тасталды ;

3) жергілікті денсаулық сақтау органдары мен лицензиялық комиссияларына ЖАБДЫҚТАУШЫ-ның сараптау барысында белгілі болған кемшіліктерін хабарлау ;

4) медициналық қызметкерлерге категориялық квалификация беру аттестациясына қатысу ;

5) лицензиялық комиссияға әдеттегі тәртіпке сәйкес, лицензияның күшін жою немесе тоқтату мәселесіне ұсыныс беру;

6) жергілікті денсаулық сақтау органдарына әдеттегі тәртіпке сәйкес медициналық көмек көрсету барысында ЖАБДЫҚТАУШЫ-дан бірнеше рет қатаң кемшіліктер табылғанын атап көрсетіп, келісім-шартты тоқтатуына ұсыныс беру .

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 367 бұйрығымен .

5. Дәрігер-сарапшының өзі келісім немесе еңбек шартында тұрған медицина мекемесін сараптауға және науқас, оның туысы және өзі емдеуге қатысқан науқас болса, сараптау жағдайларының дауына қатысуына құқығы жоқ.

6. Сараптау жүргізіп жатқан мезетте ЖАБДЫҚТАУШЫ дәрігер-сарапшыға қажетті медициналық құжаттарды көрсетуге міндетті.

5. Дәрігер-сарапшының құқықтары

7. Дәрігер-сарапшының мынандай құқығы бар:

1) өзінің мүмкіншіліктеріне қарай шешім шығару;

2) тұрғындардың денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органының

біртұтас саясатының орындалуын бақылау және іске асыру;

